

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

30.10.2024

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Н.О.Жаныкулов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Н.Усаинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.С.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.М.Молдашева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – М.Т.Салгараев; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б. Айбай; білімгерлер өкілі – Н. Әбдіқадір; білімгерлер өкілі – Э. Абдрахманова; білімгерлер өкілі – А. Ілескен; білімгерлер өкілі – М. Мәулен; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – Г. Есенгелді; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. ББ даму жоспарын (2024-2029жж) әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары.
3. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

ТЫҢДАЛДЫ:

1. АК төрағасы Н. Жаныкулов: Құрметті академиялық комитет мүшелері, 2024-2025 оқу жылының Академиялық кеңес құрамына біршама өзгерістер енгізілді. Академиялық комитет құрамына жаңа мүшелер қосылды. Басшылыққа төменде көрсетілген кестеге сәйкес Академиялық комитет құрамына ұсыныс берілді.

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1.	Жаныкулов Нурлыбек Оразбаевич	Философия кафедрасы PhD., аға оқытушы	+77785527736	АК төрағасы
6B02229 Теология, 6B02266 Исламтану, 7M02262 Теология				АК мүшесі, академиялық персонал
2.	Шауенов Дидар Шауенұлы	Теология кафедрасының меңгерушісі, PhD., Аға оқытушы	+77012123345	
6B02228 Дінтану, 7M02211 Дінтану				
3.	Бейсенов Айбек Сайранұлы	Дінтану кафедрасы, аға оқытушы	+77029960383	
4.	Камалова Фәриде Болатқызы	Дінтану кафедрасының меңгерушісі, PhD., аға	+77757148313	

		оқытушы		
5.	Усаинова Ақмоншақ Нурлановна	Дінтану кафедрасы, PhD., аға оқытушы	+77077059391	
	6B02286 Философия-Дінтану			
6.	Исаев Мухтар Сейтханұлы	Философия кафедрасының меңгерушісі, PhD., аға оқытушы	+77056847513	
7.	Шадинова Гульзира Абиласановна	Философия кафедрасы, филос.ғ.к., аға оқытушы	+77057221867	
	7M02212 Түркітану, 6B02267 Түркітану			
8.	Нурмагомбетова Ынтымакгул Еролановна	Түрік филологиясы кафедрасы, аға оқытушы	+77014776505	
9.	Молдашева Мадина Мейрамғалиқызы	Түрік филологиясы кафедрасы, PhD., аға оқытушы	+77012033038	
	6B02231 Тарих, 7M02210 Тарих			
10.	Примкулова Гаухар Жанкуловна	Тарих кафедрасының меңгерушісі, Т.ғ.к. доцент	+77024886434	
11.	Салғараев Марат Турганбаевич	Тарих кафедрасы, т.ғ.к., доцент м.а.	+77002342535	
12.	Айбай Бағдаулет	7M02211-Дінтану	+77711282562	
13.	Әбдіқадір Назерке	7M02262-Теология	+77078190924	
14.	Абрахманова Эльзаза	7M02210-Тарих	77075494649	
15.	Ілескен Аружан	6B02229-Теология	+77772723939	
16.	Маулен Мухсина	6B02228-Дінтану	+77055013226	
17.	Төлеутаева Ұлжан Төлеутайқызы	6B02266-Исламтану	+77474690490	
18.	Есенгелді Гүлнұр	7M02212 –Түркітану	+77089585334	
19.	Қусан Ақниет Абсаматқызы	6B02267-Түркітану	+7707 630 30 54	
20.	Маукенбай Айжан	6B02231-Тарих	+77787847472	
21.	Халықов Медет Музаппарович	Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директоры	+77029283533	АК мүшесі, білімгерлер өкілі
22.	Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы	«Әзіреті Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық- музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары	+77713822501	
23.	Жетібаев Көпжасар Мустафаұлы	«Археология» ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.к., профессор	+77013861697	
24.	Мендібаева Тамара Бектемірқызы	М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп директоры	+77253363809 +77058868864	
25.	Ашимов Рустам Жорашович	Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті Аударма орталығының басшысы	+7725336-36-36	

Академиялық комитеттің жаңа құрамы 25.09.2024ж №183 бұйрығымен бекітілді. Жаңадан қосылған академиялық комитет мүшелеріне қош келдіңіз дейміз!

Құрметті академиялық комитет мүшелері, күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша яғни, АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша алдарыңызға академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспарын ұсынып отырмын. Жалпы академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспарына алып қосарларыңыз немесе ұсыныстарыңыз болмаса бекітуді ұсынамын.

АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдады. Қарсы, қалыс қалған жоқ.

Шешім: АК ережесі мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

2. ББ даму жоспарын (2024-2029 жж) әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары.

АК мүшесі, академиялық персонал – А. Бейсенов:

Екінші мәселе бойынша пірікімді білдірсем, ББ – бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары айқындалған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Университет сайтында жарияланған. Даму жоспарының бағыттары мен мақсаттары айқын көрсетілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1. Тұрақты институционалдық даму

Мақсат 1.1. АЯ.У-нің корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Мақсат 1.2. А.Я.У-нің имиджі мен беделін нығайту

2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

3. Инновациялық әлеуетті арттыру

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген:

4. Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару. Жаңадан білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады. Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

5. Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ өңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

6. Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б.), шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру

бағдарламаларын өзектендіру, ОГК тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі қамтамасыз етіледі.

7. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

8. Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

9. Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша үнемі кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

10. Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Д.Шауенов алды: 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебінде АК жұмыстарын ұйымдастыру жақсарту ұсыныстарының пунктінде ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту керек деген ұсыныс берілген. Осы ұсынысқа байланысты 2024-2025 оқу жылында мониторингке арналған ұйымдастыру жұмыстары жоспарға қосылғаны өте дұрыс шешім деп есептеймін.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов: Қазіргі таңда қоғамымызға сапалы, кәсіби тұрғыдан өзін жетілдірген дінтанушы және теолог мамандар өте қажет. Сондықтан да Қожа Ахмет Ясауи университетінің түлектерінің дайындығын жалпы кәсіби тұрғыдан жақсы деп бағалаймын. Студенттердің діни мәтіндерді оқып түсінуіне, мәтіндерге дінтанулық-теологиялық сараптама жүргізу дағдыларына көбірек назар аударылса деген ұсыныс айтамын.

Сонымен қатар жоспардың ішіндегі ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту жұмыстары өте маңызды деп есептеймін. Осы жұмыстар бастама алғанына қуанып отырмын. Кәсіби практика – білім алушының оқу пәні дәрежесінде білім кеңістігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Кафедра меңгерушілері және АК мүшелері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова, аға оқытушы Ы. Нурмагомбетова және Т.ғ.к. доцент Г. Примкулова сөз алып: 2024-2025 оқу жылында кафедралардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайын баяндады. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында 6В02286-Философия-Дінтану БББ және 6В02266-Исламтану БББ аккредитациядан өтетіндігін, ал 6В02228-Дінтану БББ, 7М02211-Дінтану БББ, 6В02229-Теология БББ, 7М02212-Түркітану БББ, 7М02210-Тарих БББ реаккредитациядан өтетіндігін және сол бойынша тиісті жұмыстардың жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Шешім. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну мәселесі және ББ аккредитация стандарттарын постмониторинг жоспары қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрағасы Н. Жаныкулов сөз алды. 2024-2025 оқу жылының Академиялық комитет жоспарында осы оқу жылындағы атқарылатын маңызды мәселелер орын алған. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну және ББ аккредитация стандарттарын постмониторинг жоспарын құру ББ-ны жақсарту, дамыту тұрғысынан өте маңызды.


Сондықтан құрметті АК мүшелері, биыл атқарылатын жұмыстармен АК жұмыс және мәжіліс жоспары арқылы жақын танысып шығыңыздар. Алда атқарылатын жұмыстар өте көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар оң шешімін табады деген сенімдемін. АК құрамы толық нақтыланды, АК жұмыс жоспары әзірленіп, ережесі бекітілді. Онымен АК мүшелері танысу парақтарымен толық таныстырылды. БББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалып, таныстырылды. Жалпы қыркүйек-қазан айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

Шешім: Қыркүйек, қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

ШЕШІМ:

1. Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша 2024-2025 оқу жылының АК құрамы, ережесі мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. ББ даму жоспарын әзірлеу, талқылау, бекітуге ұсыну мәселесі және ББ аккредитация стандарттарын постмониторинг жоспары қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Қыркүйек, қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Мәжіліс төрағасы:



Н. Жаныкулов

Хатшысы:



А. Усаинова